

Валюта жестілігі

2023.03-07.04





Өтпен аптада ұлттық валюта бір доллар үшін 445 **теңгеге** дейін нығайды. Қолайлы сыртқы жағдай – мұнай бағасының өсуі және доллар индексінің әлсіреуі – нарық қатысушыларының үмітін оятты.

ОПЕК+ -ке қатысушы елдер **мұнай** өндіруді жазға қарай тәулігіне 1.16 млн баррельге дейін азайту туралы келісті. Бұл мұнай бағасының өсуіне түрткі болды. Дүйсенбі күні (03.04) мұнайдың бір баррелі бірден 5 долларға қымбаттап, аптаны бір баррелі 85 доллар деңгейінде аяқтады. АҚШ-та мұнайдың коммерциялық қорының қысқарып, бұрғылау қондырғыларының азайғаны туралы дерек те бағаның өсуіне әсер етті.

Доллар индексі аптаның басында 102 пункттен төмен қалыптасып, апта соңында 102.09 пунктінде тұрақтап, қалпына келді. Мұндай құбылмалыққа АҚШ-тағы еңбек нарығы туралы «аралас» статистикалық деректер себеп болды. Ашық бос жұмыс орындары мен жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға өтініш берген америкалықтардың саны бойынша деректер экономистердің күткенінен төмен болды.

Апта соңына қарай АҚШ-тың жұмыспен қамтылу бойынша мықты есебі жарық көрді. Жаңадан ашылған жұмыс орындарының саны 236 мың бірлікті құрады, ал жұмыссыздық деңгейі 3.6%-дан 3.5%-ға дейін қысқарды.

Мұнай бағасы жоғары болғанымен, рубльдің долларға қатысты бағамы төмендеуде. **Рубльге** шетелдік компаниялардың ресейлік активтерді сатып жатқандығы аясында нарықта шетелдік валютаның шектеулі ұсынысы әсер етуде.

Бұл аптада теңге серпіні сыртқы экономикалық факторларға тәуелді болады. Ағымдағы аптада АҚШ-та наурыз бойынша инфляциялық деректер жарық көреді. Ол әрине, ФРЖ-ның өзекті мөлшерлеме бойынша шешім қабылдауына ықпал етеді.

Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.07.04 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023.07.04 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
Brent бағасы	85.1	6.7%	2.1%	▼	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	4.75%	24.02.2022	▲
Доллар индексі	102.1	-0.5%	-3.3%	▼		АҚШ ФРЖ	1.70%	22.03.2023	▲
USDRUB	81.1	4.5%	6.7%	▼		ЕОБ	-2.30%	16.03.2023	▲
CDS спреді (USD/KZT)	979.3	-33.7 п.п.	-54.1 п.п.	▼		РФ ОБ	0.50%	10.02.2023	▼

*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаяу

** пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.07.04 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
USD KZT	445.0	-1.5%	1.5%	-3.8%	414.67	484.18
EUR KZT	485.6	-1.2%	3.9%	-1.5%	443.06	505.77
RUB KZT	5.4	-8.5%	-7.7%	-16.6%	5.39	9.1
CNY KZT	64.8	-1.4%	2.4%	-2.9%	62.21	72.16



Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.07.04 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
ТЕҢГЕ индексі	90.7	3.4%	0.7%	8.3%	
Теңгенің құбылмалылығы*	1.1%	0.7%	1.2%	2.8%	
Экспорттық бағалар индексі	148.7	4.31%	0.3%	-5.4%	

* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.


Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
2023.03.04	USDKZT	445.0	458.5	477.6	✓	Мұнайдың жоғары бағасы аясында нарыққа қатысушылардың оптимизмі

* сәйкес келеді, x сәйкес келмейді

Jusan Analytics командасының есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам

Екінші тоқсанның басталуына байланысты біз бағам бойынша болжамдарымызды қайта қарадық. Бұған негізгі көрсеткіштер: инфляция, мұнай бағасы (жақсару), ФРЖ (bloomberg болжамдарының консенсусы) және ҚРҰБ базалық мөлшерлемелерінің серпіні бойынша болжамдар себеп болды. Ұсыныстың азаятындығын және нарыққа қатысушылардың пессимистік көзқарастан арыла бастауын ескере отырып, біз мұнай бағасының өсімін оптимистік сценарийде де, пессимистік сценарийде де күтеміз. Сондай-ақ біз бағалар өсімінің жылдық тұрғыда өткен жылдың қорытындысы бойынша 12.4-14.3% деңгейіне дейін түсетіндігін күтеміз. Мұндай төмен көрсеткішке жоғары базалық көрсеткіштер мен халықтың төмен инфляциялық болжамдарының кейінге қалдырылған әсері арқасында қол жеткізіледі.



Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz